

**АБАЙ ОБЛЫСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
ЖАРМА АУДАНЫ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
«К.ШАКЕНОВ АТЫНДАҒЫ ОРТА МЕКТЕБІ» КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ ӨЗІН –ӨЗІ БАҒАЛАУ
ҚОРЫТЫНДЫСЫ**

Бақылау түрі: өзін-өзі бағалау.

Өзін-өзі бағалау жүргізуге негізі: Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 5 - бабының 21-2 тармақшасына сай білім беру ұйымдарының білім беру қызметін өзін-өзі бағалауды жүзеге асыру туралы және «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығы.

Өзін –өзі бағалау комиссиясының құрамы:

Байғалиев Кайрат Сыдыкович	Мектеп директоры
Ашимханов Кудайберген Тортаевич	Мектеп директорының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
Унускаева Дина Бигадыевна	Мектеп директорының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
Тагаева Гулнур Жармухановна	Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
Жақсыбаев Саржан Жунуспекович	Кәсіподақ ұйымының төрайымы
Канашева Алия Маутхановна	Мектеп психологы
Аманжолова Асия Тиштыковна	Математика, информатика пәні бірлестігінің жетекшісі
Нысанғалиева Диана Адалбековна	Гуманитарлық пәндер бірлестігі жетекшісі
Доненбаева Самал Болаткановна	Бастауыш сынып пәндер бірлестігі жетекшісі
Лабанов Аман Бейсенгазыевич	Мектеп директорының шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары

Өзін-өзі бағалау барысында төмендегі мәселелер тексеріліп сарапталды, олар:

- 1) білім беру ұйымдарының мақсаты, міндеттері мен құндылықтары;
- 2) оқу және оқыту;
- 3) білікті қызметкерлердің болуы;
- 4) қолжетімді білім беру үшін жағдай жасау;
- 5) білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- 6) тиімді оқытуға ықпал ететін материалдық-техникалық база.

«К.Шакенов атындағы орта мектебі» КММ-не жалпы сипаттама

Білім беру ұйымының толық атауы	Абай облысы білім басқармасының Жарма ауданы білім бөлімінің «К.Шакенов атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Білім беру ұйымының орналасқан жері	Абай облысы Жарма ауданы Жаңаөзен ауылы М.Дулатұлы 2 үй
БСН/БИН	0200440004238 Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлігі 2022 жылдың 21 қыркүйегінде берілген. Алғашқы мемлекеттік тіркеу күні 3.04.2002 жыл.
Заңды тұлғаның байланыс деректері	тел.8 72347 42 757 Е – mail: k_shakenov18@mail.ru Web-сайт: Shakenov.edu.kz
Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері	Мектеп директоры Байғалиев Кайрат Сыдыкович тел.87773383606 Жарма ауданы білім бөлімінің 2017 жылғы 03 ақпандағы №14 бұйрығымен К.Шакенов атындағы орта мектебі КММ директоры лауазымына тағайындалды.
Құқық белгілейтін және құрылтайшылық құжаттары	Мектеп жарғысы (жарғының және заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу не қайта тіркеу туралы анықтаманың/куәліктің көшірмесі қоса беріледі) (көшірме қосымша ұсынылады)
Рұқсат беру құжаттары	Лицензия № KZ56LAA00034307, берілген күні 30.05.2023 жыл Алғаш берілген күні 28.04.2012 жыл Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламаны жіберу туралы талон тіркеу № KZ29RVK00047204 20.02.2023 жыл (көшірме қосымша ұсынылады)
Мектептің техникалық паспорты	04.04.2004 жылы жасалған; кадастрлық №05-243-000-000; инвентарлық № 3024; жоспар бойынша литер – А; қабат саны 2; құрылыс ауданы –1863,0; ғимараттың ауқымы- 14545; жалпы алаң – 2806,9; салынған жылы – 2003 жыл. (көшірме қосымша ұсынылады)
Басқару органы/ құрылтайшысы	«К.Шакенов атындағы орта мектебі» КММ басқару органы – «Абай облысы білім басқармасы» ММ, құрылтайшысы – «Абай облысы әкімінің аппараты» ММ
Жер пайдалану құқығын беретін	№7703 7.05.2007 ж Мемжерғылөнорталығының ШҚ ЕМК Жарма ауданының жер кадастрлық филиалы жер

актісі	учаскесінің алаңы – 1,41 га, кадастрлық номер -05-243-006-189 (көшірме қосымша ұсынылады)
Мектептің білім беру қызметі	Мектептің білім беру қызметі Қазақстан Республикасы «Білім туралы» заңына, Қазақстан Республикасы бастауыш, негізгі және жалпы орта білім берудің нормативті құжаттарына, ҚР Оқу-ағарту министрінің нұсқаулық хаттары мен бұйрықтарына, Қазақстан Республикасы орта жалпы білім берудің бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдары қызметінің типтік Ережелеріне, мектеп Жарғысына сәйкес жүзеге асырылуда.
Қаржы экономикалық жағы	Мектептің қаржы – экономикалық жағы Абай облысының қаржы басқармасында орталықтандырылған. Мекеменің ағымдағы шоты, мөрі бар.
Kundelik.kz	Логин: unuspaeva.dina Құпия сөз: ADABA*4556a
ҰБДҚ	Мектеп логині: 634430700184 Құпия сөз: Shakenov2024** Кіші орталық логині: 120000000999 Құпия сөз: Shakenov2024**

1-параграф. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары

9. Тәрбие және оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына өлшемшарттар:	
1)	<p>Оқу жұмыс жоспарлары мен ұйымдастырылған қызметтің Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген. (23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының талаптарына сәйкестігі:</p> <p>Талдау нәтижелері: Мектепте толық күндік кіші орталық және мектепалды даярлық сыныбының 2021-2023 оқу жылдарының жұмыс оқу жоспарларындағы білім беру салалары және ұйымдастырылған оқу қызметі МЖМБС талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына негізделген.</p> <p>2021-2022 оқу жылында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік</p>

оқу жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы №195 бұйрығына сәйкес 33 оқу аптасы, жалпы апталық жүктеме 20 сағатты құрайды. Оның ішінде 5 білім беру саласы, инвариантты компонент 20 сағат: "Денсаулық" - 3 сағат; "Қатынас"- 5 сағат; "Таным"- 2,5 сағат; "Шығармашылық"- 5 сағат; "Әлеумет" – 1,5 сағат. Вариативті компонент - 3 сағат.

Толық күндік кіші орталықтың оқу жұмыс жоспары бойынша кіші топта апталық жүктеме 9 сағатты құрайды: "Денсаулық" - 3 сағат; "Қатынас"- 1 сағат; "Таным"- 2 сағат; "Шығармашылық"- 3 сағат.

Толық күндік кіші орталықтың оқу жұмыс жоспары бойынша ортаңғы топта апталық жүктеме 14 сағатты құрайды: "Денсаулық" - 3 сағат; "Қатынас"- 2,5 сағат; "Таным"- 2,5 сағат; "Шығармашылық"- 3,5 сағат; "Әлеумет" – 0,5 сағат; вариатив – 2 сағат.

№	Мектепалды даярлық сынып	Оқыту тілі	Вариатив тақырыбы	Сағат саны
1	0 «Б», 0 «Б»	Қазақша	Логика әлемі Көңілді математика Ертегілер әлемі	1 сағат 1 сағат 1 сағат
2	Кіші орталық	Қазақша	Қылқалам Көңілді математика	1 сағат 1 сағат

2022-2023 оқу жылында мектепке дейінгі сыныптарда сабақтар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» оқу жоспарына сай жалпы апталық жүктеме 20 сағатты құрайды: "Дене шынықтыру" - 3 сағат; " Сөйлеуді дамыту" - 2 сағат, «Көркем әдебиет» - 2 сағат; «Қазақ тілі» - 2 сағат; «Сауат ашу негіздері» - 3 сағат, «Математика негіздері» - 3 сағат, «Қоршаған ортамен танысу» - 2 сағат, «Музыка» - 2 сағат, «Шығармашылық әрекет» - 1 сағат.

Толық күндік кіші орталықтың оқу жұмыс жоспары бойынша кіші топта «Дене шынықтыру» - аптасына 3 сағат, «Музыка» - 1 сағат, «Қазақ тілі» -1 сағат, «Математика негіздері»- күн сайын, «Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет»- күн сайын, «Шығармашылық әрекет»- күн сайын, «Қоршаған ортамен танысу»- күн сайын өткізіледі.

Толық күндік кіші орталықтың оқу жұмыс жоспары бойынша ортаңғы топта «Дене шынықтыру» - аптасына 3 сағат, «Музыка» - 2 сағат, «Қазақ тілі» -1 сағат, «Математика негіздері»- күн сайын, «Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет»- күн сайын, «Шығармашылық әрекет»- күн сайын, «Қоршаған ортамен танысу»- күн сайын өткізіледі.

2023-2024 оқу жылында мектепке дейінгі сыныптарда сабақтар Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу

жоспарлары [3] және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сай жалпы апталық жүктеме 20 сағатты құрайды: "Дене шынықтыру" - 3 сағат; " Сөйлеуді дамыту" - 2 сағат, «Көркем әдебиет» - 2 сағат; «Қазақ тілі» - 2 сағат; «Сауат ашу негіздері» - 3 сағат, «Математика негіздері» - 3 сағат, «Қоршаған ортамен танысу» - 2 сағат, «Музыка» - 2 сағат, «Шығармашылық әрекет» - 1 сағат.

Толық күндік кіші орталықтың оқу жұмыс жоспары бойынша кіші топта «Дене шынықтыру» - аптасына 3 сағат, «Музыка» - 1 сағат, «Қазақ тілі» -1 сағат, «Математика негіздері»- күн сайын, «Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет»- күн сайын, «Шығармашылық әрекет»- күн сайын, «Қоршаған ортамен танысу»- күн сайын өткізіледі.

Толық күндік кіші орталықтың оқу жұмыс жоспары бойынша ортаңғы топта «Дене шынықтыру» - аптасына 3 сағат, «Музыка» - 2 сағат, «Қазақ тілі» -1 сағат, «Математика негіздері»- күн сайын, «Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет»- күн сайын, «Шығармашылық әрекет»- күн сайын, «Қоршаған ортамен танысу»- күн сайын өткізіледі.

ҚОРЫТЫНДЫ: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (бұдан әрі – Стандарт) [2], Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары [3] және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы талаптарына сәйкес келеді. Оқу жоспарлары жүйелі түрде жүзеге асырылуда.

2) **Білім беру қызметін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына және білім беру бағдарламаларына (вариативті, жеке, бейімделген, қосымша) сәйкес іске асыру:**

Талдау нәтижелері: Білім алушылардың оқу-танымдық іс-әрекеті кіші орталық тобында және мектепалды даярлық сыныптарында жүзеге асырылған.

Тәрбиеленушілер саны:

	2021-2022 оқу жылы	2022- 2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы
Толық күндік кіші орталық	28	29	30
МАД	27	26	25

Ұсынылған құжаттар негізінде білім беру қызметінің 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында бекітілген перспективалық жоспарларында күтілетін нәтижелерді айқындай отырып, әр оқу жылына мақсат пен міндеттерді қоя білген және талдау нәтижелерінен жоспарға сәйкес іс-әрекеттің жүзеге асырылғанын көруге болады. Жарты күнді кіші

орталық пен мектепалды даярлық сыныптарының күн тәртібі ұсынылған, оқу жылына жоспар жасалып, мектеп директорымен бекітілген. Тәрбиеленушілердің қимыл, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік білім және білік дағдыларын қалыптастыру барысында негізгі салалар толықтай қамтыла отырып, перспективалық жоспар құрылған. Циклограммадағы іс-шаралар жоспары тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне сай құрылған.

Оқу-тәрбие процесінің жүргізілуі сағат 08.30–ден сағат 17.30-ға дейінгі уақытты қамтиды. Әр топтың күн тәртібі мектеп директорымен бекітілген, мектепалды даярлық сыныптарының да бекітілген сабақ кестелері бар. Барлық аттестаттау кезеңіндегі мектепалды және кіші орталық топтарының вариативтік компоненттерінің тақырыбы оқу жұмыс жоспарына сәйкес келеді.

Перспективалық жоспар бекітілген өтпелі тақырыптар мен циклограммаларға сәйкес жасалған. Әр айға нақты тақырыпты көрсете отырып, оқу жылының соңына дейін айлар бойынша құрастырылды. Перспективалық жоспардың және циклограмманың құрылымы, өтпелі тақырыптар әдістемелік нұсқаулық хаттың ұсынымдарына сәйкес келеді. Мектепалды даярлық сыныптарының білім беру қызметі мектеп жасына дейінгі балалардың физиологиялық және психикалық денсаулығын сақтау және нығайту, оларды салауатты өмір салты құндылықтарымен таныстыру бойынша жұмысты жетілдіруге бағытталған.

Тапсыруға ұсынылған құжаттар (перспективалық жоспарлар, күн тәртібі, циклограммалар) директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасарымен келісілген, мекеме басшысымен бекітілген.

ҚОРЫТЫНДЫ: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары [3] және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы және білім беру бағдарламаларының талаптарына сәйкес жүргізіледі.

3) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын сақтау.

Талдау нәтижелері: Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары «Білім туралы» Қазақстан Республикасының заңына сәйкес мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің тәртібін айқындайды. Мектепке дейінгі кабинетте және кіші орталық топтарында МДТО үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірі мен денсаулығын қорғау және оларды әлеуметтендіруді, "Денсаулық", "Қатынас", "Таным", "Шығармашылық" және "Әлеумет" білім беру салаларын интеграциялауды қамтамасыз ететін пәндік – кеңістіктік дамытушы орта құрылған.

Сапалы мектепалды даярлықты қамтамасыз ету үшін сынып кабинетінде әр салаға байланысты бұрыштар әзірленіп, тәрбиеленушілерге арналған

	<p>дамытушылық құрал-жабдықпен, ойыншықтармен, қажетті құралдармен жабдықталған. Кабинет баланың қабылдауына сай безендірілген. Ойын бұрышы, сабақ өткізу, демалу бұрыштары бар.</p> <p>Толық күнді кіші орталыққа арналған кабинеттерде әр салаға байланысты бұрыштар әзірленген, тәрбиеленушілерге ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіне арналған орны бар, ойыншықтар топтамасы, қимыл-қозғалыс ойындарына арналған бұрыш, кабинет безендірілуі балалардың жас ерекшелігіне сай жасалған. Кабинет безендірілуі мен құрал-жабдықтың басым бөлігін тәрбиешілер өздері ұйымдастырған.</p> <p>Бес күндік жұмыс аптасымен толық күндік кіші орталық тобы кіші топ және ересек топ сағат 8.30-17.30 сағат және мектепалды даярлық сыныптары 3,5 сағат мектепте болады. Кіші топ және ересек топтағы әр топтағы балалар сыйымдылығы 15 баладан, ал мектепалды даярлық топтарында 5 жастағы бала саны пән кабинетінің СЭС талаптарына сай 15 баладан артық емес, білім алады.</p>
	<p>ҚОРЫТЫНДЫ: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары сақталады.</p>
<p>4)</p>	<p>Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектепалды жастағы тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелерінің болуы:</p> <p>Талдау нәтижелері: Кіші орталық және мектепалды даярлық сыныптарында баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын оқыту нәтижелеріне бақылауды растайтын құжаттар 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылы бойынша ұсынылған. Әр оқу жылында бастапқы бақылау қыркүйек айында, аралық бақылау қаңтар айында, қорытынды бақылау мамыр айында жүргізіледі.</p> <p>Мектепалды даярлық сыныбы мен кіші орталық тәрбиеленушілерінің дамуының бастапқы кезеңінде баланың даму деңгейлері анықталып, мониторинг нәтижесін сараптай отырып, педагог алдағы іс-қимылдарын жоспарлай білген. Жоспарлы түрде жеке дамуы үшін қажетті жұмыстар жүргізіліп отырған. Тәрбиешілер білім беру салалары бойынша бағдарламалық материалды игеру сапасын арттыруда мақсатты жұмыс жүргізуде. Диагностика нәтижелері баланың жеке даму картасына толтырылып, баланың дамуындағы кемшіліктермен қосымша жұмыс жүргізіледі. Диагностика нәтижелері мен баланың жеке даму карталары көшірмелері қоса ұсынылған.</p>
	<p>ҚОРЫТЫНДЫ: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты», Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (бұдан әрі – Стандарт) [2], талаптарына, сәйкес толығымен қамтылған.</p>

<p>5)</p>	<p>Тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы) болуы және нәтижелерін талдау.</p> <p>Талдау нәтижелері: 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында бастапқы бақылау қыркүйек айында жүргізіліп отырған. Мектепалды даярлық тобындағы қорытынды диагностиканың нәтижелерін бақылау парағы барлық оқу жылдарына және аралықтарына ұсынылған.</p> <p>Талдауға ұсынылған құжаттарды зерделеу (мониторинг көшірмелері, білім беру ұйымының барлық тәрбиеленушілерінің жеке дамуының жоспарлары (карталары)) мемлекеттік білім беру стандартына сәйкес балалардың даму деңгейін бақылау жүзеге асырылатынын көрсетті. Мониторинг баланың жетістіктерін бақылау негізінде шығарылады және 3 деңгейде қарастырылады:</p> <p>1-деңгей – бала белгілі бір әрекеттер мен білімді қайта қорытып шығарады; 2-деңгей – бала не істеп жатқанын түсінеді, белгілі бір білім қорына ие болады; 3-деңгей – бала өз білгенін және істей алатынын қолданады, білімді өз бетінше және шығармашылықпен пайдаланады.</p> <p>Талдау барысында балалардың интеллектуалдық даму динамикасы қадағаланатыны, әр баламен жеке (түзету) жұмыс жүргізу жолдары анықталғаны көрінді.</p> <p>Кіші орталық балаларын бағдарлама талаптарына сай дамытып, тәрбиелеп, оқытуға қажетті жағдайлар жасалған. Жылдық жоспарлар негізінде аттестация аралық кезеңдегі барлық білім беру бағыттары бойынша оқушылардың бағдарламалық материалды меңгеру нәтижелеріне бастапқы мониторинг жүргізілді. Бағдарламалық материалды игерудің алғашқы мониторингі барлық жас топтарындағы балалардың II және III деңгейлерде барлық білім беру бағыттары бойынша материалды меңгергенін көрсетті.</p> <p>Талдау 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында балалардың дағдылары мен дамыту дағдыларының оң динамикасын көрсетті.</p> <p>Осылайша, тәрбиеленушілердің үлгерімін бақылау талаптарға сай жүргізілетіні анықталды. Алынған мәліметтер негізінде баланың жеке даму картасы толтырылады. Баланың жеке даму кестесінде «Диагностикалық мәліметтердің нәтижелері бойынша түзету шаралары» бөлімінде балалармен жұмыс істейтін мұғалімдер мен мамандар баланы одан әрі дамыту шараларын қарастыратыны көрсетілген.</p> <p>ҚОРЫТЫНДЫ: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты талаптарына сәйкес келеді.</p>
<p>6)</p>	<p>Үлгілік оқу бағдарламасына қосымшаға сәйкес балалардың жасын ескере отырып, тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингілеу нәтижелерінің (қорытынды) болуы және талдау.</p> <p>Талдау нәтижелері:</p> <p>Мектепке дейінгі даярлық сыныптарының үлгілік оқу</p>

бағдарламасына сәйкес жас кезеңін ескере отырып, тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингілеу нәтижелерін талдау үшін аталған өлшемшарт аясындағы материалдар ұсынылды. Мониторинг білім беру бағыттарына сәйкес құрылымдалған, бағдарламалық қамтамасыз ету талаптарын жылдам игеру критерийлері көрсетілген жоғары, орташа, төмен. Тесттер мен тапсырмалар мазмұны Мемлекеттік білім беру стандартының талаптарына сәйкес балалардың жас ерекшеліктері ескерілген және барлық білім беру салаларында оң динамика байқалады.

Оқу жылдары	Мектепке дейінгі даярлық сыныптарының саны	Тәрбиеленушілер саны	Тиісті білім-білік дағдыларын меңгеру %
2021 - 2022	2	27	100
2022 - 2023	2	26	100
2023 - 2024	2	25	100

Тиісті білім-білік дағдыларын растайтын мониторинг материалдары бар.

ҚОРЫТЫНДЫ: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 5 тамызда № 29031 болып тіркелді.) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 16-тармағы талаптарына сәйкес келеді.

10. Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне өлшемшарттар:

- 1) **МДТО ҮОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы:**
Талдау нәтижелері: талдау үшін ұсынылған құжаттарды зерделеу барысында оқу жұмыс жоспарларының, ұйымдастырылған оқу іс-шаралар кестесінің, күн тәртібінің, перспективалық жоспардың бекітілген тоғыспалы тақырыптар мен циклограммаларға сәйкес жасалғанын көрсетті. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға бірдей стандартына сәйкес білім беру бағдарламаларын іске асыруды қамтамасыз етеді. 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарына арналған оқу жұмыс жоспарлары бекітілген. Вариативті компоненттер мен бекітілген оқу жұмыс жоспарлары бар.
 Циклограмманы жоспарлауда барлық талаптар орындалған. Жазбалар циклограммада жүргізіледі, күн тәртібіне сәйкес перспективалық жоспарда күндер қойылған.
 Перспективалық жоспарларды тәрбиешілер тоғысқан тақырыптар негізінде оқыту тіліне сай мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалып, сол арқылы оқыту тілдері бойынша оқу жүктемесінің сақталуы қамтамасыз етілуде. Перспективалық жоспарлар ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің тақырыбын айқындайды, балалардың жас ерекшеліктері мен оқыту тілін ескере отырып, оларды дамытуда тәрбиелеу, оқыту бойынша оқу

міндеттерін дұрыс орындауды көздейді. Оқу-тәрбие үрдісінің сапалы өтуін қамтамасыз ету мақсатында тәрбиешілер ұзақ мерзімді жоспарларға сәйкес циклограммалар құрастырған. Ұйымдастырылған оқу іс-шараларына сай (серуендеу, барлық режимдік процестердің орындалуы) әр аптаға циклограммалар құрастырылған.

Ұйымдастырылған оқу іс-шараларының кестесі балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып жасалады, сонымен қатар сабақтардың саны мен ұзақтығы да ескерілді, осылайша апталық оқу жүктемесінің рұқсат етілген ең жоғары көлемі стандартқа сәйкес келеді.

ҚОРЫТЫНДЫ: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті стандарты негізінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 12 желтоқсандағы №557 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы №195 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарларының талаптарына, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (бұдан әрі – Стандарт), Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары талаптарына сәйкес жүргізіледі.

11. Тәрбие мен оқыту мерзіміне қойылатын талаптар:

1) Балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптарды сақтау.

Талдау нәтижелері:(Білім беру ұйымдарын бағалау критерийлеріне 2-қосымшаға сәйкес жас топтары бойынша кіші орталық және мектепалды даярлық тәрбиеленушілерінің тізім көшірмелерін 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарына толық көрсетті).

Ағымдағы оқу жылында мектепалды даярлық сыныптарынан 2 топ (2 қазақ тілді) жинақталған. 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарына қабылдау кезінде жас кезеңінің сақталуын растайтын білім беру ұйымының басшысымен бекітілген тізімдердің көшірмелері ұсынылды. Осылайша, мектепалды даярлық тәрбиеленушілерінің контингенті «Білім берудің барлық деңгейлері бойынша мемлекеттік білім беру стандартын бекіту туралы» 5-тарауға сәйкес жасақталғаны анықталды. 5 жастан бастап мектепалды даярлық сыныбына жинақталған.

Оқу жылдары	2021-2022 оқу жылы		2022-2023 оқу жылы		2023-2024 оқу жылы	
	Топтар саны	Тәрбиеленуші саны	Топтар саны	Тәрбиеленуші саны	Топтар саны	Тәрбиеленуші саны
Кіші орталық	2	28	2	29	2	30

Оқу жылдары Сынып	2021-2022 оқу жылы		2022-2023 оқу жылы		2023-2024 оқу жылы	
	Топтар саны	Тәрбиеленуші саны	Топтар саны	Тәрбиеленуші саны	Топтар саны	Тәрбиеленуші саны
Мектепке дейінгі даярлық сыныбы	2	27	2	26	2	25
<p>ҚОРЫТЫНДЫ: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 5-тарауының 22-тармағы талаптарына, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты 4 тарау, 25 тармағына сәйкес келеді.</p>						
2)	<p>Тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақтау.</p> <p>Талдау нәтижелері: Мектепке дейінгі даярлық сыныптары тәрбиеленушілерінің 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақтаған. Тәрбиеленушілерді қабылдау және шығару туралы бұйрықтар жүргізілген. Мектеп жасына жеткен тәрбиеленушілерді мектепке дейінгі ұйымнан шығару жыл сайын 1 тамызға дейін жүзеге асырылған. Мектепалды сыныптарын жинақтау тәрбиеленушінің ағымдағы жылғы 1 қыркүйектегі толық жасын ескере отырып, ағымдағы жылғы 1-31 тамыз аралығында жүзеге асырылған. 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарына мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын іске асыру кезеңі 1 қыркүйектен 25 мамырға дейін жүзеге асырылған.</p>					
<p>ҚОРЫТЫНДЫ: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» №595 бұйрығының талаптарына сәйкес келеді.</p>						

2-параграф. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары

12. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру мазмұнына өлшемшарттар:	
1)	<p>Білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы</p>

№ 500 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына сәйкестігі:

Талдау нәтижелері: Мектептің оқу процесін ұйымдастыруда оқытудың мемлекеттік Жалпыға міндетті білім беру стандартын орындау және білім беру мекемесі оқушылардың қызығушылығы мен білімділігін дамытуға мүмкіндік бере отырып, оқу жоспары негізінде жүзеге асырылады.

Мектептің оқу жұмыс жоспары төмендегі нормативтік-құқықтық құжаттарға негізделіп жасалған.

Оқу жылы	Типтік оқу жоспары, оның негізінде жұмыс оқу бағдарламалары әзірленеді.
2021-2022 оқу жылы	Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерту енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы №415 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары.
2022-2023 оқу жылы	Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерту енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары.
2023-2024 оқу жылы	«Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 8.11.2012 ж. № 500 бұйрығы, 18.08.2023 ж. № 264 бұйрығымен енгізілген өзгерістері мен)

Соңғы 3 жыл ішіндегі оқу жұмыс жоспарлары, мектеп директорымен бекітілген сабақ кестелерінің (1-4 сыныптар, 5-11 сыныптар, вариатив сағаттардың сабақ кестелері) көшірмелері ұсынылды. 2021-2023 оқу жылдарында құрылған вариатив сағаттарының атаулары сабақ кестесімен толық сәйкес келеді.

ҚОРЫТЫНДЫ: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» № 604 бұйрығы, «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2021 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы 2021 жылғы 20 тамыздағы № 415 бұйрығы және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту

	<p>министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығының талаптарына сәйкес.</p>
<p>2)</p>	<p>Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру:</p> <p>Талдау нәтижелері: Талдауға ұсынылған құжаттарды зерделеу барысында</p> <p>2021-2022 оқу жылында ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген (2021 жылғы 25 наурыздағы №125 бұйрықпен енгізілген өзгерістерімен және толықтырулармен) 2021 жылғы 20 тамыздағы №415 бұйрығы негізінде оқу жұмыс жоспарлары жүргізіледі.</p> <p>2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерту енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары негізінде оқу жұмыс жоспары жасалған.</p> <p>Бағаланатын кезеңде оқушылар контингентінің сақталуы және сапалы оқу жетістігінің көрсеткіші бойынша оң динамика байқалады. Мектеп ұжымы kundelik.kz электронды журналында жұмыс істейді. Барлық аттестаттау кезеңінде электронды журналда күнтізбелік тақырыптық жоспар бөлімінде барлық оқу жоспарлары кесте бойынша жарияланған.</p> <p>2023-2024 оқу жылында «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерту енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 18 тамыздағы №264 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары негізінде оқу жұмыс жоспары жасалған.</p> <p>Бағаланатын кезеңде оқушылар контингентінің сақталуы және сапалы оқу жетістігінің көрсеткіші бойынша оң динамика байқалады. Мектеп ұжымы kundelik.kz электронды журналында жұмыс істейді. Барлық аттестаттау кезеңінде электронды журналда күнтізбелік тақырыптық жоспар бөлімінде барлық оқу жоспарлары кесте бойынша жарияланған.</p>
	<p>ҚОРЫТЫНДЫ: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» №604 бұйрығы талаптарына, "Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 4 қыркүйектегі №441 бұйрығы және 2021 жылғы 20 тамыздағы №415 бұйрығы, Қазақстан</p>

	<p>Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығы, 2023 жылғы 18 тамыздағы №264 бұйрығы негізінде жасалған жұмыс оқу жоспарларына сәйкес келеді.</p>
<p>3)</p>	<p>Білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру:</p> <p>Талдау нәтижелері:</p> <p>Тәрбие жұмысын жүргізуде төмендегідей нормативті құқықтық құжат басшылыққа алынады. 2019-2024 жылдарға арналған 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы, біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде жүзеге асырылады. Бағдарлама жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде адал азаматты тәрбиелеуді көздейді. Білім беру ұйымдарындағы тәрбиенің ерекшеліктері туралы әр жылдағы әдістемелік нұсқаулықтар талаптарына сәйкес келеді. Әр жоспарда тәрбие жұмысына талдау жасалып, алдағы оқу жылының мақсаты мен міндеттері көрсетілген. Сынып жетекшілері әдістемелік бірлестігі отырысының хаттамалары қосымшада қоса берілді.</p> <p>Мектепте 1-11-сыныптарда жиыны 22 сынып комплектісі, 1-4-сыныптарда 8 сынып, 5-9-сыныптарда 10 сынып, 10-11-сыныптарда 4 сынып бар. 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарындағы мектептің тәрбие жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығына сәйкес жасалған.</p> <p>Тәрбие бағытында жүргізілетін жұмыстар төмендегідей кезеңдерді қамтиды:</p> <p>1) Сынып жетекшілермен жұмыс.</p> <p>Сынып жетекшілер қызметінің сапасын көтеруге бағытталған жұмыстар жылдық жоспарды негізге ала отырып құрылды. Жылдық жоспар негізінде мектепшілік әр түрлі тәрбие шаралары өткізіліп, оған педагогикалық ұжым, ата-аналар, оқушылар жұмылдырылады. Сынып жетекшілер тізімі бекітіліп, сынып сағаттарының кестесі құрылып, сынып жетекшілер бірлестігінің отырысы жоспарға сай өткізіледі. (Қосымша бірге салынған).</p> <p>2) Оқушылармен жұмыс.</p> <p>Патриотизм мен азаматтық жауапкершілікті қалыптастыру мен дамытуда әскери-патриоттық клубтар жүйелері, оның ішінде «Жас Ұлан», «Жас Қыран» балалар мен жасөспірімдер қозғалысы, білім алушылармен Қазақстанның киелі нысандарына саяхаттар мен экскурсиялар ұйымдастырылады. Ерлік, адалдық, танымдық сағаттар өткізіліп, оқушылардың бос уақытын тиімді өткізу мақсатында қосымша білім берумен қамтылған. Спорт мектебі, өнер мектебіне қатысатын балалар тізімі бекітілген.</p> <p>3) Ата-аналармен жұмыс.</p> <p>Отбасылар және ата-аналармен жұмыс істеудің топтық және жеке түрлері пайдаланылады: тренингтер, салтанатты жиындар, ата-аналар жиналысы, аналар, әкелер кеңесі, сондай-ақ, ата-аналар мен балалардың қатысуымен іс-шаралар ұйымдастырылады. (Қосымша бірге салынған)</p>

4) «Мектеп Парламенті» оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымы жұмысы.

Білім алушылардың бойында азаматтық белсенділік, әлеуметтік құзыреттілік, азаматтық жауапкершілік дағдыларын дамыту, әлеуметтік шығармашылыққа қабілетті, өзінің жеке басын, қоғам мен мемлекетті жетілдіру мүддесінде әрекет ете алатын жоғары мәдениетті, гуманистік бағыттағы азаматты тәрбиелеу мақсатында мектебімізде «Мектеп Парламенті» оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымы жұмыс жасайды.

«Мектеп Парламенті» оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымының 8 фракциясы.

1	«Қамқорлық» фракциясы	Сайлан Гүлина
2	«Құқық және тәртіп» фракциясы	Жұмабек Дәулетберді
3	«Мәдениет және өнер» фракциясы	Ербол Елина
4	«Ақпарат және баспа» фракциясы	Ермұхамет Уәлинұр
5	«Спорт және салауатты өмір салты» фракциясы	Еркінбек Қалимет
6	«Дебат қозғалысы» фракциясы	Мұхит Шәрбат
7	«Экология және еңбек» фракциясы	Әділбек Дархан

«К.Шакенов атындағы орта мектебі» КММ-нің тәлімгерінің жоспарына сай ұйымдастырылған сыныптан тыс іс-шаралар 2023 жылдың қыркүйек айынан бастау алды. Мектебімізде мектеп тәлімгері Ө.Жақсыбектің ұйымдастыруымен «Тіл білімінің атасы» атты Ахмет Байтұрсыновтың туғанына 151 жыл толу мерейтойына арналған әдеби кеш өткізілді. Кештің негізгі мақсаты - Ахмет Байтұрсыновтың шығармашылығы, кітаптары, ғылыми еңбектері туралы мағлұмат беріп, ақын өмірін оқушыларға үлгі етіп, өз елін сүйуге, оның көркеюіне үлес қосуға шақырды. Кеш барысында 8-сынып оқушыларымен бірге А.Байтұрсыновтың өмірбаянына шолу жасалып, өлең жолдарынан мысалдар оқылып, бейнероликтер тамашаланып, әңгімелесу жүргізілді. Сонымен қатар, берілген ақпараттар бойынша қорытындылау мақсатында сұрақ-жауап әдісі арқылы сұрақтар қойылып, жауап берген оқушыларға естелік сыйлықтар таратылды. 2023 жылдың 22 қыркүйегінде Жарма ауданы бойынша бірыңғай «Мектеп Парламенті» Президентінің сайлауы өтті. Бұл іс-шараға Мектеп Парламенті де белсене қатысты. Мектеп Парламенті Президентіне мектеп белсенділері арасынан 3 үміткер қатысты. Атап айтсақ, 9-сынып оқушылары - Қойшыбай Жансая, Сайлан Гүлина, Жеңіс Естай. Сайлау ережесі сайлау комиссиясы арқылы бекітіліп, бюллетеньдер жасалып, мектеп дәліздері сайлау талаптарына сай безендіріліп, оқушылардың белсенді қатысуымен өткізілді. Дауыс беруге 8-

11-сынып оқушылары қатысып, жалпы дауыс беруге қатысқан адам саны 78 адамды құрады. «Мектеп Парламенті» Президенті болып Жеңіс Естай сайланды. 23 қыркүйек күні 8-11-сынып оқушыларына жоспарға сай «Мектеп Парламенті» отырысы өткізілді. Отырыстың күн тәртібіне сәйкес тәлімгер Жақсыбек Өнербек - Мектеп Парламентінің құрылымымен таныстырып, 22 қыркүйек күні сайланған мектеп Парламентінің Президенті мен Ұланбасын таныстырды. Таныстыру барысында Президент пен Ұланбасы өздерінің жұмыстарының мақсат-міндеттерін айқындап, жоспарларымен бөлісті. Сонымен қатар, отырыс барысында 7 фракция жетекшілері сайланып, тьюторларымен таныстырды. Мектебіміздің тәрбие ісінің меңгерушісі Г.Ж.Тагаева мектептің ішкі тәртіп ережелерін ескере отырып, тағайындалған жетекшілерді құттықтап, отырыс қорытындысын жасады. 28 қыркүйек күні мұғалімдер күніне орай мектебіміздің мектеп бітіруші түлектерінің атынан мектеп дәліздерін безендіру жұмыстары жүргізілді. Безендіру талапқа сай, әдемі көркем үйлесімдегі қолөнер туындылары арқылы жасалды. 29 қыркүйек күні «Дублер күні» барысында оқушылар «Ұстаз деген - жарқын күні ғаламның» атты іс-шара ұйымдастырды. Мектеп дәлізінде белсенді оқушылардан құралған «Домбырашылар» ансамблі бастап, 11-сынып түлектері ұстаздарды ізгі тілектерімен қарсы алып, мерекелік көтеріңкі көңіл-күй сыйлап, қолөнер сыйлықтарын таратты. Аталған мереке «Ұстазым, менің ұстазым» атты мерекелік концертпен жалғасын тапты. Іс-шара барысында оқушылар мектебіміздің ұстаздарын құттықтау бейнероликтерімен қарсы алып, ән шашу мен би билеу арқылы жағымды мерекелік көңіл-күй сыйлай алды. 2023 жылдың 10 қазанында 8-10-сыныптар арасында «Арайлы алтын күз» апталығы аясында «Күз сыйы» жәрмеңкесі ұйымдастырылды. Жәрмеңке барысында әр сынып өз орындарын безендіріп, тазалықты сақтап, жәрмеңкеге өз қолдарымен әзірлеген тағамдарын қойып, тамаша көңіл-күйде болды. «Арайлы алтын күз» апталығы аясында 9-10-сыныптар арасында «Күз ханзадасы мен Күз ханшайымы» байқауы ұйымдастырылды. Байқау барысында әр сынып жұптары өздерін таныстырып, өз өнерлерін ортаға салып, күзгі сән үлгісі бойынша сынға түсті. Байқау талаптарының қорытындысы бойынша мектебіміздің «Күз ханшайымы мен ханзадасы» мәртебесіне 9«А» сынып оқушылары Жеңіс Естай мен Сайлан Гүлина ие болды. Ханшайым мен ханзадаға «Шарапат» ұйымының атынан сыйлықтар берілді. 5-6-сыныптар арасында «Күз кереметі», «Алтын күз» атты тақырыптарда сурет көрмесі ұйымдастырылды. Көрме талаптарына сай балалар суреттерін түрлі жанр ретінде безендіріп, мектеп дәліздеріне қойды. 2023 жылдың 23 қазан күні Республикалық бірыңғай «Жас Ұлан» мен «Жас Қыран» балалар ұйымына қабылдау салтанатты жиыны өтті. Салтанатты жиынымыздың құрметті қонақтары ретінде Жарма аудандық білім бөлімінің басшысы Шаймуратов Қ.Р., мектепішілік қамқоршылық кеңесінің белсенді мүшесі Құрман Жұман және ардагер ұстаз Сулейменова Б.К. қатысып, ұйымға 40-тан астам оқушы қабылданды. 7 желтоқсан күні мектеп тәлімгері Ж.Өнербектің жоспарына сай мектебімізде оқушылардың шығармашылық таланттарын, актерлік шеберліктерін жетілдіру мақсатында 8-10-сыныптар

арасында "Жайдарлы Жайдарман" маусымашар ойыны ұйымдастырылды. Ойынға сыныптар арасынан жалпы 4 команда қатысып, бақ сынасып, өз өнерлерін көрсете алды. Өнерлеріне баға беруге мектеп ұстаздары Б.Бейсембин, Д.Балтабаев және мектебіміздің "Жайдарман" ойынының ардагерлері төрелік жасап, алдағы аудандық ойынға сәттілік тіледі. Сайыс қорытындысы бойынша 8"Б" және 9"Б" сыныптары ІІІ орынды, 8"Ә" сыныбы ІІ орынды, 9"Ә"сыныбы жүлделі І орынды жеңіп алды. Мектебімізде білім алушылардың бойында патриоттық тәрбиені қалыптастыру, шығармашылық қызметке бейім жас таланттарды ашу мақсатында мереке күніне орай «Тәуелсіз елдің ұрпағымыз» атты сурет көрмесі ұйымдастырылды. 19 желтоқсан күні мектеп парламентінің "Мәдениет және өнер" фракциясы мен "Ақпарат және баспа" фракциясы бірлесе отырып, бастауыш сынып оқушыларымен қоңырау барысында "Кім жылдам" ойынын өткізді. 22 желтоқсан күні Мектеп Парламентінің ұйымдастыруымен 8-10-сынып белсенділерімен бірлесе отырып, мектеп дәліздерін «Жаңа жыл» мерекесіне сай безендіру жұмыстары қарқынды түрде жүргізілді. Мектеп дәліздерінде шыршалар, фотозона құрылып, мерекелік көңіл-күй сыйлайтын қобдишалар мен безендірулер ілінді. 26-29 желтоқсан күндері аралығында әр сынып «Жаңа жыл» мерекесін өткізді. Жаңа жылдық шырша бастауыш сынып оқушыларына қойылым ретінде ұйымдастырылса, 5-6-сынып оқушыларына әр түрлі елге саяхат ретінде, ал 7-8-сынып оқушыларына жарыс түрінде, 9-11-сынып оқушыларына мерекелік кеш түрінде ұйымдастырылып, көтеріңкі көңіл-күй сыйланды. Жаңа жылдық мерекеге орай мектеп ауласына мерекелік көңіл-күй және көрік беру мақсатында 8-10-сыныптардың ата-аналарымен және ұстаздармен бірлесе отырып, қардан мүсіндер жасалды. Қысқы демалыста оқушылармен «Мектеп парламенті» Ұланбасы «Спорт» фракциясы мен «Тәртіп және құқық» фракциясы бірлесе отырып, мектеп оқушыларымен қоңырау барысында «Аңыз адамдар» айдарын ұйымдастырып, сұхбат жүргізіп, пікір алмасты.

5) Мектептен тыс мекемелермен (кітапхана, мұражай, заң және медицина қызметкерлерімен кездесулер ұйымдастыру) байланыс үнемі жүргізіліп, кездесулер ұйымдастырылып, мектепшілік шараларға аталған мекемелерден қонақ ретінде өкілдер шақырылып отырады.

б) Білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекеттің әр түрлі нысандарын ұйымдастыру нақты жүзеге асырылады. 2022-2024 жылдарға арналған тәрбие жұмысының жоспарында төмендегідей бағыттар көрсетілген:

- Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие;
- Рухани-адамгершілік тәрбие;
- Ұлттық тәрбие;
- Отбасылық тәрбие;

- Еңбек, экономикалық, экологиялық тәрбие;
- Көп мәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие;
- Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбие;
- Денені шынықтыру тәрбиесі, салауатты өмір салты;

1. Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие.

Оқу жылының басталуына орай әлеуметтік аз қамтылған отбасыларынан шыққан оқушыларды мектеп формасымен және оқу құралдарымен қамтамасыз ету мақсатында «Мектепке жол» акциясының айлық жоспары құрылып, демеушілер тарапынан 12 оқушыға көмек көрсетілді. Мектеп оқушыларын мектептің ішкі тәртіп ережесімен таныстыру және бірыңғай талаптарды ескерту мақсатында әңгіме жұмыстары жүргізілді. Мектеп тәлімгері Ө.Жақсыбек 8-сынып оқушыларының қатысуымен қазақтың ақыны, мемлекет қайраткері, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы А.Байтұрсынұлының 151 жылдығына орай «Тіл-халық мұрасы» атты әдеби кеш өткізді. 25 қазан - Республика күніне орай «Тәуелсіз елдің ұрпағы» атты іс-шаралар жоспары құрылып, ашық сабақтар, дөңгелек үстел, әдеби оқулар және тағы басқа іс-шаралар ұйымдастырылды.

Тарих пәні мұғалімдерінің ұйымдастыруымен қазақ халқының XVII-XVIII ғасырлардағы ұлы үш биінің бірі, көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері-Қазыбек бидің 356 жылдығына орай конференция өтті. Конференция барысында оқушылар Қазыбек бидің ел басқарудағы, сыртқы саясаттағы сіңірген еңбектеріне тоқталды. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналған «Тәуелсіздік – теңдесі жоқ байлығым» атты іс-шаралар жоспарына сәйкес дебат ойыны, тәрбие сағаттары, спорттық сайыстар мен ойындар өткізіліп, оқушылар бойында патриоттық сезімді ояту, Отанын сүю қасиетін ерте жастан дарыту тәрізді жұмыстар атқарылды. Кеңестік мемлекет және қоғам қайраткері, үш мәрте Социалистік еңбек ері, Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі, техника ғылымдарының докторы, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы қызметін атқарған Д.Қонаевтың туғанына 111 жыл толуына орай құрылған жоспарға сәйкес тарих пәнінің мұғалімдері А.Ахметова 10 «Б» сыныбына және Солтыбаева Н. 6 «Б» сыныбына Д.А.Қонаевтың саяси және қоғамдық қайраткерлік қызметі туралы, жеке өмірі мен артынан қалдырған нақыл сөздері туралы ақпарат беріп, оқушыларды қызықтыра білді. «Бала құқығы - адам құқығы» республикалық айлығын ұйымдастыруға арналған жоспар құрылып, келесідей іс-шаралар ұйымдастырылды. «Құқығым бар» тақырыбында эссе байқауы, «Әр баланың құқығы бар» тақырыбында сурет көрмесі, «Қатыгездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында акция, сынып сағаттары, «Өмір ағашы», «Менің шежіремнің тарихы» атты қолөнер шежіресі жасалды. «Балалық шақты бірге қорғайық» атты Бала құқықтары туралы Конвенцияның баптарын түсіндіру жұмыстары жүргізілді. «Құқық сабақтары - өмір сабақтары» тақырыбында құқық қорғау органдарының өкілдерімен кездесу өткізілді. «Бақытты ана - бақытты бала - бақытты ел» атты ата-аналар комитетінің отырысы өтті.

2. Рухани-адамгершілік тәрбиесінің басты мақсаты тұлғаның Қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарымен, нормаларымен және дәстүрлерімен келісілген рухани-адамгершілік және этикалық ұстанымдарын, моральдық қасиеттерін және көзқарастарын қалыптастыру, мәңгілік ел рухани құндылықтарын сақтауға баулу. Мектеп оқушыларының, соның ішінде көп балалы, аз қамтылған отбасы балаларының әлеуметтік жағдайын бақылауда ұстау басты міндеттердің бірі болып табылады. Мектебімізде ата-ананың бала тәрбиесіндегі және мектеп тыныс-тіршілігіндегі алатын орнын нығайту мақсатында жұмыс атқарып жүрген ата-аналар комитетімен қатар, «Аналар мектебі», «Әкелер мектебі» де өз жұмысын атқаруда. Ата-аналар бірлестігінің жұмыс жоспарлары құрылған және сол жоспарға сәйкес іс-шаралар ұйымдастырылуда. Ұстаздар мерекесіне орай мектеп Парламентінің белсенділері мен мектеп тәлімгерінің ұйымдастыруымен «Ұстазым менің, ұстазым» атты дублер күні өтті. Оқушылар мұғалім рөлінде сабақ өткізіп, сынып жетекшілікті атқарып, мұғалім қызметінің қырларын түсіне білді.

3. Отбасы тәрбиесі бағыты бойынша:

Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың ағарту жұмысын, психологиялық-педагогикалық күзінеттіліктерін күшейтуге, бала тәрбиесі үшін олардың жауапкершілігін арттыруға ықпал ету мақсатында 12 қыркүйек - Отбасы күніне орай бірыңғай «Отбасы - ұлттың тірегі» атты сынып сағаттары өтті. Оқушылар бақытты, үлгілі отбасының моделін құрып, бақытты отбасын құру негіздері туралы өз ойларымен бөлісті. Отбасы тәрбиесі бағытындағы жұмыстар мектепшілік және сыныптағы ата-аналар жиналыстарында жүзеге асырылады. Дебат клубының жетекшілері Н.С.Мұратова мен Д.Балтабаевтың ұйымдастыруымен «Қазіргі заманда отбасыларда салт-дәстүр сақталады ма?» тақырыбында дебат ойыны өткізіліп, оқушылар ойларын ашық жеткізе алды. Мектеп психологтарының ұйымдастыруымен өткен «Әлем бала көзімен» атты іс-шаралар да бала үшін отбасының маңыздылығы туралы қосымша білім бола алды.

4. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет бағыты бойынша «1 қыркүйек - Білім күніне» орай «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық» тақырыбында бірыңғай сынып сағаттары өткізілді. Мектеп кітапханашысы К.Кумарсагитованың ұйымдастыруымен «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында көркем сөз шебері М.Жұмабаевтың 130 жылдығына орай оқушыларды жазушының шығармашылығымен таныстырды. Дебат клубы жетекшісінің жұмыс жоспарына сәйкес оқушылар маңызды тақырыптарды талқылап, білімдерін толықтырып, өз ойларын еркін жеткізе алу қабілеттеріне ие болады. Мектебіміздің жас мамандары А.Отанбек пен А.Бейбитованың бастамасымен «Көңілді тапқырлар клубы» жұмысы жанданып, 7-9-сынып оқушыларынан құрылған құрама команда мектеп намысын аудандық сайыстарда қорғап, жүлделі орындарға ие болуда. Сонымен қатар, оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында үйірме, клуб, секция жұмыстары жоспарға сәйкес жұмыс атқаруда.

5. Денені шынықтыру, салауатты өмір салты тәрбиенің жұмыс жоспарына сәйкес оқушылардың бос уақытын тиімді өткізу мақсатында мектепте 5 спорттық секция жұмыс жасайды. Сыныптан тыс спорттық жарыстар ұйымдастырылды. Балалар арасындағы жарақаттың алдын алу, өмір қауіпсіздігі ережелерін сақтау бойынша мектеп медбикесінің жеке жоспарына сәйкес іс-шаралар ұйымдастырылды. Атап айтсақ, «Тәрбие тал бесіктен басталады» тақырыбында 8-11-сынып ұлдарымен жекелей, қыздарымен жекелей әңгіме, 5-10-сыныптармен «Дүниежүзілік туберкулезге қарсы күрес күні» тақырыбында әңгіме жүргізілді. «21 қараша – Халықаралық темекіден бас тарту күні» атты тақырыптық сынып сағаттары өткізілді.

6. Көп мәдениетті және көркем эстетикалық бағытта мектеп тәлімгері Ж.Өнербек оқушылардың эстетикалық талғамын арттыру, әдемілікке, сұлулыққа тәрбиелеу мақсатында 9-10-сыныптары арасында «Алтын күз» мерекесін ұйымдастырып, «Күз ханзадасы» мен «Күз ханшайымы» анықталды. Жеке жоспар негізінде Жаңа жыл мерекесі бастауыш буын, орта және жоғары буындарда атап өтіліп, мерекеге сай ұйымдастырылды.

7. Ұлттық тәрбие бағыты бойынша көркем еңбек пәні бірлестігінің ұйымдастыруымен «Ұстаз – мектептің жүрегі» атты 5-10-сыныптары қолөнер бұйымдарының көрмесін өткізді. Көрмеге оқушылардың ұстаздардың құрметіне арнап жасаған жұмыстары, мектебіміздің жас ақыны, 11-сынып оқушысы Нұрбек Жұлдыздың «Ұстаздар қауымына арнау» атты шығармасы кітап макеті түрінде жасалып қойылды. «Атадан қалған асыл сөз» атты аналар, әкелер мектебі мүшелерінің кездесуі өтті. Дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің ұйымдастыруымен оқушылар арасында ұлттық ойындар сайысы өткізіліп, қазақ халқының ұлттық ойындарын жаңғыртты. 1 мамыр - Халықтар достығы күніне орай оқушыларды бірлікке, татулыққа тәрбиелеу мақсатында «Қазақстан – әр ұлттың ақ бесігі» атты сынып сағаттары ұйымдастырылды.

